

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 420 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "2003" деген сандар "2004" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген өкіммен мақұлданған Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасында:

тақырыбындағы және "2. Экономикалық құқық бұзушылықтардың құрылымы" деген бөлімінің сегізінші абзацындағы "2003" деген сандар "2004" деген сандармен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті